

## Көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Пржевальское ауылының әкімінің 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 қазанда № 4372 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 4 шілдедегі қорытындысына сәйкес , Пржевальское ауылының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра ауданы Пржевальское ауылының көшелері:

- 1) Озерная көшесі Жағалау көшесіне;
- 2) Мир көшесі Бейбітшілік көшесіне;
- 3) Владимирская көшесі Болашақ көшесіне;
- 4) К. Маркс көшесі Жеңіс көшесіне;
- 5) Комсомольская көшесі Бірлік көшесіне;
- 6) Космонавтов көшесі Ғарышкерлер көшесіне;
- 7) Ленин көшесі Тәуелсіздік көшесіне;
- 8) П. Лумумбу көшесі Ынтымақ көшесіне;
- 9) Целинная көшесі Ырыс көшесіне;
- 10) Шевченко көшесі Достық көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл әкімінің  
міндеттерін атқарушысы*

*Е. Абаев*